

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін ұйымдастыру және қаржыландыру ережелері туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Успенка аудандық әкімиятының 2004 жылғы 20 мамырдағы N 158/5 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 15 маусымда N 2598 тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 24 шілдедегі N 228/7 қаулысымен

Күші жойылды - Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2009.07.24 шілдедегі N 228/7 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Ұсынылып отырған шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және қаржыландыру ережелері б е к і т і л с і н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т.В. Ильинаға жүктелсін.

Аудан әкімі

В. Левченко

Аудан әкімдігінің 2004 жылғы 20 мамырдағы "Шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және қаржыландыру ережелері туралы" N 158/5 қаулысымен бекітілді

Шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және қаржыландыру ҚАҒИДАЛАРЫ

Осы Қағида білім беру құқығы бар кәсіпорындарда шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және қаржыландыру тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыру кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдау және олардың еңбек рыногында

бәсекелестігін арттыруға бағытталады.

2. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыруға :

1) мамандығы жоқ, мамандық алып, сол мамандық бойынша жұмыс істегісі келетін шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау (бастапқы кәсіби білім);

2) кәсіби біліктілігін жетілдіру, (қосымша білім) жоғары разряд (сынып, санат) алу, өндірістік талап есебін ескере отырып жаңа технология мен техниканы игеру мақсатында біліктілігін арттыру;

3) шағын кәсіпкерлік субъектілері нақты кәсіби бойынша жұмыс қабілетін жоғалтса жаңа мамандық алу мақсатында қайта дайындау (қайта оқыту).

3. Бюджеттік бағдарламаның әкімгері экономика және кәсіпкерлікті дамыту бөлімі болып табылады.

4. Бағдарламаны жүзеге асыру мерзімі - 2004 жыл бойы.

2. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыруды ұйымдастыру

5. Аталған бюджеттік бағдарламаның әкімгері шағын кәсіпкерлік субъектілерінің кәсіби бағдарына тегін қызмет көрсетеді және шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту бағдарламасына сәйкес шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыруға жіберуді жүзеге асырады.

6. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыру білім беру ұйымдарында немесе Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес білім беру құқығы бар кәсіпорындарда жүзеге асырылады. (басқару мектептерінің мамандарын тарту арқылы).

7. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыруды өткізетін ұйымдарды іріктеуді Қазақстан Республикасының заңнамаларымен бекітілген тәртіпте бағдарлама әкімгері атқарады.

8. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыруды өткізетін ұйымдарды іріктеуде өкілетті органдар мына жайларды ескереді :

1) білім беру ұйымдары қызметінің мемлекеттік білім беру стандарттары талаптарына сәйкестігі ;

2) өндірістік практиканы ұйымдастыруға қатысу;

3) білім беру қызметіне лицензиясының болуы.

9. Дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыру шарт негізінде жүзеге асырылады .

10. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін

арттыру ұзақтығы, шарт жасаушы жақтардың құқығы мен міндеттері шарт және техникалық тапсырмаға сәйкес арнайы әзірленген оқу бағдарламасына байланысты бекітіледі.

11. Жұмыс беруші жұмыс орындарын (бос орынды) толықтыру және жұмысшылардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында жұмысшыларды кәсіби дайындау жүйесі бойынша және өндіріс ішінде оқыту жөніндегі шараларды іске асырады.

3. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыруды қаржыландыру

12. Шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамытудың аудандық бағдарламасында қарастырылған аудандық бюджет қаражаты есебінен іске асырылады.

13. Білім беру ұйымдарына бағдарлама әкімгері жіберген шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыру шығыны жергілікті деңгейде шағын кәсіпкерлікті қолдауды ұйымдастыру жөніндегі жергілікті бағдарлама шеңберінде шағын кәсіпкерлік субъектілерін дайындау, қайта дайындау, біліктілігін арттыру бойынша қызмет көрсету шартына сәйкес бекітілген тәртіпте қаржыландырылады.

4. Бақылау және есеп беру

14. Шағын кәсіпкерлікті дамыту мәселесі жөніндегі бағдарлама әкімгері ұйымдардың оқу мерзімін сақтауына бақылауды жүзеге асырады.